



# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№14 (10 061)

9 сәуір

жұма

2021 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



2019 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев бөлсенді, шығармашыл және жастарды қолдау жөніндегі «Елбасы медалі» бағдарламасы осы бастаманың бір бөлігі болып табылады және ол Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасы қоры мен мемлекеттік органдардың, білім беру мекемелерінің және қоғамдық ұйымдарының серіктестігінде жүзеге асырылады. «Елбасы медалі» бағдарламасы Қазақстанның балаларымен жастарына бағытталған, ондағы мақсат оларды қоғам мен мемлекет өміріне бөлсенді қатысуға тарту болып табылады. Өзін - өзі дамытуға және өзін-өзі қалыптастыруға қабілеті бар жас буын өз халқына пайдасын тигізе алады. «Елбасы медалі» жобасына Ақсу ауданынан 25 оқушы қатысып, соңғы нәтижеде Маден Гүлжан

тәлімгерлік етуімен 19 оқушы қола медалінің иегері атанды. 31 наурыз күні Ақсу ауданының әкімі Базарханов Есім Сейілханұлы және аудандық мәслихат хатшысы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы оқушыларға медалді өз қолымен табыстады. Салтанатты іс - шараға білім бөлімінің басшысы Рамазанов Бегімбек Сейіпұлмәлікұлы және әдіскерлер мен мектеп директорлары қатысты. Жобаның ұзақтығы 6 ай мерзімді құрады, жоба барысында оқушылар бес бағыт бойынша жұмыс жасап өздерін жан - жақты дамыта білді. Жобаның екінші кезеңіне 3 оқушы алтын медаліне, ал, 25 оқушы қола медальға үміткер ретінде қатысып жатыр.

Өз тілшімізден.

## 13 СӘУІР – РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ!

# РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,  
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти.

**Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!**

### Құрметті қауым!

Баршаңызды он екі айдың сұлтаны, қасиетті Рамазанның басталауымен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларыңызға бақ пен береке тілеймін! Жаратушы Жаббар Иеміз әрбір ізгі амалдың сауабы еселеніп жазылатын берекелі айда ұстаған оразамазды, жасаған дұғамызды, оқыған намазымызды, орынды себептермен ауыз бекіте алмай қалған жандардың берген садақаларын қабыл еткей!

Рамазанда ауыз бекіткен ісі мұсылман баласы өзін ішіп - жеуден ғана шектемей, жаны мен тәнін жамандықтан сақтап, ізгілікке ұмтылады. Іс - әрекетін мұсылманға тән әдеп аясында орындауға тырысады. Өйткені, Рамазан – кез - келген ізгі амалды риясыз ниетпен жасауға тәрбиелейтін, адамды тақуалыққа үйрететін ай. Аштық пен

шөлге төзіп, Алла разылығын алуды шынайы ниет еткен адамға берілетін сый мен құрмет ерекше болмақ.

Алла Тағала Құдси-хадисте: «Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеу себебінен шыққан ауыз иісі Мен үшін миск өтірінен де қайырлы», – деген.

### Қадірлі жамағат!

Бүгінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Ихсан ілімін» кеңінен насихаттап келеді. Ихсан – пенденің иманын бекемдеп, құлшылыққа деген құлшынысын арттыратын, адамгершілікке тән игі қасиеттерді кемелдендіре түсетін рухани ілім. Бұл – әр амалды көркем түрде орындауға үйрететін ілім. Осы ретте рухани кемелдену айы – Рамазанда барынша әдепсіз әрекет пен қате - кемшіліктен арылып, тұла бойымызда көркем мінез құндылықтарын қалыптастыруға тырысқанымыз абзал.

Алла Тағала жер бетінен жұқпалы індетті жойып, адамзатты қауіп - қатерден аман еткелі. Әмин!

## РАМАЗАН ҚАРСАҢЫНДА ҚМДБ ТӨРАҒАСЫ, БАС МҰФИТ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті жамағат!

Өкінішке қарай, биыл да қасиетті Рамазан айын пандемия жағдайында өткізуге отырмыз. Жұқпалы дертті оқшаулау, сақтану арқылы ғана жеңуге болатынын анық аңғардық. Осы ретте сіздерді ауызашар кезінде, құлшылық сәттерінде санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырамын.

Денсаулық – бәрінен қымбат құндылық, Алланың адамзатқа берген аманаты. Осы орайда жасы алпыстан асқан аға-апаларымыз ауыз бекітуден бұрын медициналық тексеруден өтіп, дәрігердің тиісті кеңесін алуға шақырамын. Егде жастағы және балиғатқа толмаған азаматтардан күрделі ахуал тұрақталғанша мешітке бармай, құлшылықты үйде орындауын сұраймыз.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Рамазан айында айтылатын уағыз - насихат, сұрақ - жауап жұмыстарын онлайн режимде жүргізуді жалғастырады. Құран хатым жасау рәсімдері де қашықтан оқылады.

Интернет желісі арқылы сұраққа жауап алып, онлайн насихат тыңдап, үйден шықпай сауапты амалдарға ортақтасуға болады. Біз қазір жағдайды ескеріп, өткен жылы жүзеге асырған жобамыз бойынша пітір садақасы мен зекетті онлайн режимде берудің оңтайлы жолын тағы ұсынып отырмыз.

### Қадірлі қауым!

Сіздерді пандемия кезінде барынша сақтанып жүруге, адам көп шоғырланған орындарға бармауға, ауыз бекіткен жағдайда дұрыс тамақтануға, мүмкіндігінше жұмыс кестесін ыңғайлап, денсаулықты күтуге үндеймін.

Қасиетті айда қайырымдылық жасап, сауап алуды ниет еткен жандарға айтарым, ауызашар қораптарын еріктілер немесе мешіт қызметкерлері арқылы көмекке мұқтаж азаматтарға жеткізуге болатынын қаперлеріңізге саламын. Діни басқарма Рамазан айында санитарлық талаптарды сақтай отырып, қайырымдылық іс - шараларын жоспарлы түрде жүзеге асырады. Баршаңызды игі іске үлес қосуға шақырамын.

### Құрметті бауырлар!

Рамазан – Раббымыздың мейірім - махаббатына бөленетін ай. Ендеше, берекелі айдың берекетінен құр қалмайық, халайық!

Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде - кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кімде - кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Алла оның қайғы - қасіреттерінің бірін сейілтеді», – деген.

Алла Тағала ниетіміз бен амалымызды қабыл етіп, баршаңызды Рамазаннан Рамазанға дейін айдан аман, жылдан есен жеткізе бергей!

Жаратушы Иеміз жер бетінен жұқпалы індетті жойып, жұртымызға жар болғай, елімізді аман, жерімізді тыныш еткелі! Әмин!

## COVID - 19

## МАМАН ЖАУАБЫ

# КОВИДКЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНА ҚҰРАМЫНДА НЕ БАР? БАСҚА АУРУ ШАҚЫРМАЙ МА?

Әлем ғалымдарының пікірінше, вакцинациядан кейінгі иммунитет қалыпты және ұзақ уақыт сақталады. Ал, инфекциядан кейін ағзада қалыптасатын иммунитет өте тұрақсыз және алты айдан кейін ағзадан шығарылады немесе жойылады.

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сарапшылар гуморалдық және клетка деңгейінде пайда болған иммунитеттің ұзақтығы бірнеше жылға дейін сақталуы мүмкін екендігін жеткізді.

Бұл туралы ақпарат Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы сайтына шықты. «Бұл жұқпа да, оған қарсы әзірленіп жатқан вакцина да жаңа. Оны пайдаланып жатқанымызға көп болған жоқ. Әрине, уақыт өте келе осы жұмыстардың, түбегейлі динамикалық жұмыстардың нәтижесінде осы вакцинадан кейінгі иммунитеттің тұрақтылығын, ұзақтығын білетін боламыз. Бүгінде әлемде 200-ден астам вакцина кандидат болса, олардың ешқайсысының құрамында ауру шақыратын компонент жоқ. Вакцинаның компоненттері ағзаға түскеннен кейін ғана антиген ретінде болады, ауруға қарсы анти-



дене пайда болатын жағдайға әкеп соқтырады. Мұндай вакциналардың басқа ауруларды қоздыруға қатысы жоқ», - деді Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы директорының орынбасары Айнагүл Қуатбаева журналистің сұрағына жауап бере отырып. Сондай-ақ, спикер

елімізде шығарылатын вакцинаның инактивтендірілген вакциналар қатарына жататынын атап өтті. Ондай вакцина полиомелитке қарсы пайдаланылуда. Әлемде оны балалар, ересектер арасында оны қабылдау, ағзаға ешқандай қауіпті емес екендігі дәлелденген.

## ТҮРЛЕНГЕН КОРОНАВИРУСТЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?

Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының «Санитариялық - эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылымы - практикалық орталығы» филиалы директорының міндетін атқарушы Манар Смағұл коронавирустың жаңа штамдарының ерекшеліктері жайында айтты.

Маман коронавирустың жаңа штамдарында SARS-CoV-2-дей белгілердің болатынын айтады. «Бұл – дене қызуы, жөтел, дәм не иіс сезуден қалу. Бірақ Ұлыбритания мамандарының мәліметінше, британиялық штамға жөтел, қатты шаршау және бұлшық еттердің ауруы сынды симптом тән. Ал, дәм мен иіс сезудің жоғалуы онша біліне бермейді. Жөтел болған кезде коронавирустың жұқтырып алу ықтималдығы бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Жаңа штамдардың

тағы бір ерекшелігі – репродуктивтілігінің, адамдарға жұғу көрсеткішінің жоғары болуы», - дейді Манар Смағұл.

Оның сөзінше, қазір британиялық штамм әлемнің 125 елінде анықталған. Сондай-ақ, бір апта ішінде британ штаммы анықталған елдердің қатары 7 есеге артса, одан бөлек оңтүстік африкалық штамм 75 елде, бразилиялық штамм 41 елде тіркелген. «Вирустың мутацияға ұшырау ықтималдығы жұқтырған адамдар жиілігінің артуына байланысты өсіп келеді. Жаңа мутацияның анықталған санын, жалпы SARS-CoV-2 таралуын қысқарту үшін вирустың алдын алатын барлық қажетті іс-шараларды қабылдауымыз қажет. Оған Денсаулық сақтау министрлігі кеңес беретін барлық іс-шарамен қатар COVID-19-ға қарсы вакцинациялау да кіреді», - дейді Манар Смағұл.

«ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ».

## «Бақытты отбасы» жобасы аясында

«Бақытты отбасы» партиялық жобасын жүзеге асырудың 2020-2021 жылдарға арналған «Жол картасы» бекітіліп, «Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалының жанынан 2020 жылдың 8 маусым күні шұғыл әрекет ету тобы құрылды. Құрамында 11 адам, аудан әкімінің орынбасары, аудандық жедел топ жетекшісі Фазиз Есжанов жиналысты ашып жүргізді, жиналыс барысында мекеме басшыларының есебі тыңдалды. Топтың модераторы «Ақсу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Осындай шұғыл топ 17 ауылдық округте құрылды. Топ құрамында округ әкімдері, учаскелік полиция қызметкерлері, мейірбикелер, мектеп инспекторы, психолог, әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік



бөлім қызметкерлері бар. Құрамы алгоритмге сәйкес бекітілді.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,  
«Nur Otan» партиясы аудандық филиалының эксперті.

# ВАКЦИНА АЛАТЫН АДАМ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

## 1. ВАКЦИНА САЛҒЫЗУШЫ ӨЗ СТАТУСЫН АНЫҚТАУЫ КЕРЕК

«Ең алдымен Сіз арнайы қауіп - қатер топтарына жатпайтын адам болсаңыз өзіңіздің уческелік дәрігеріңізге телефон арқылы хабарласасыз. Ол сіздің статусыңызды анықтайды. Егер Сіз бірінші шептегі қауіп - қатер тобына жатпайтын қарапайым тұрғын болсаңыз, вакцинаның қосымша партиясы келгенге дейін Сізді тізімге алады.

Қазір емдік мекемелерде жергілікті халықтың санына қарай жоспар жасалып жатыр. Сол жоспар бойынша кезеңіңіз келгенде Сізді шақырады. Телефон арқылы немесе "WhatsApp" хабарлама арқылы байланысқа шығады.

Вакцина алғысы келгендер қоңырау күтіп отырмай, дәрігерге өздері хабарласуға болады. «Осы күнге дейін ешкім хабарласқан жоқ. Статусымды білейін деп едім» деп мән-жайды түсіндіресіз».

## 2. КЕЛІСІЛГЕН УАҚЫТТАН КЕШІКПЕҢІЗ

«Тізімдегі кезеңіңіз келгенде мамандар хабарласып, екпенің күні мен уақытын айтады. Сіздің бұл кездегі ең басты міндетіңіз – келісілген уақыттан кешікпей бару. Себебі, осыны еңбекпен келген вакцинанан ысырап етуге болмайды.

Кешікпеу неге маңызды? Өйткені, вакцинанан ашқаннан кейін 2 сағаттың ішінде егіліп қоюы керек. Егер 2 сағаттан артық уақыт өтіп кетсе, ол вакцинанан біз автоматты түрде жоюға міндеттіміз. Яғни, құтысымен бірге арнайы дезинфекциялық препаратқа салынып, жойылады.

Вакцинацияға келген азаматтардың бәрі ауырмаған, дені сау болуы керек. Үйден шығарда дененің дел - сал болып, басыңыз ауырып, балтырыңыз сыздағанын байқасаңыз, созылмалы ауруларыңыздың өршу кезеңі осы сәтке сәйкес келіп қалса, дәрігерге жағдайыңызды айтып, келісілген уақытта бара алмайтыныңызды ескертуіңіз керек.

Вакцинация ерікті екенін де ұмытпау керек. Егер қаламасаңыз, дәрігер хабарласқан кезде дайын емес екеніңізді айтып бас тарта аласыз».

## 3. ВАКЦИНА АЛУШЫ ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЯДЫ?

«Вакцинация жасаудың алдында өз өркімен екпе салынып жатқаны туралы қолхат алынады. Яғни, екпе алушы бір құжатқа ғана қол қояды. Оның алдында дәрігер осы жұқпаның не үшін өте ауыр ететінін, оның алдын алудың ең тиімді жолы вакцина салу екенін түсіндіріп айтады.

Вакцина алғанда қандай қауіп - қатер бар, вакцина алмағанда қандай қауіп - қатер бар екені айтылады. Соның бәрі айтылғаннан кейін адам өз таңдауын айтып, қолхатқа қолын қояды. Содан кейін барып медициналық тексеруден өтеді».

## 4. ДӘРІГЕРДІҢ СҰРАҚТАРЫНА ОЙЛАНЫП, ШЫНАЙЫ ЖАУАП БЕРІҢІЗ

«Әдейі қайталап айтып жатырмын, екпе алуға барған адамның сол сәтте денсаулығында кінәрат болмауы керек. Дәрігерлер екпе алушының міндетті түрде медициналық қараудан өткізеді. Нормативтік-құқықтық актілерімізде вакцина алуға келген адамдарға қойылатын арнайы сұрақтардың тізімі бар. Бұл сұрақтар міндетті түрде қойылады және олардың өз реті белгіленген. Осы сұрақтарға шынайы жауап беру керек.

Аллергиясы бар адамдарға теориялық тұрғыда вакцина салуға болады. Сондықтан спецификалық сұрақтар қою арқылы әр адамға индивидуалды түрде вакцина қоюға болатынын немесе болмайтынын анықтаймыз. Созылмалы аурулары болған науқастарға да арнайы сұрақтар қойып, ол сырқатының өршу кезеңі бар-жоғын анықтаймыз.

Әрине, дене қызуын, ықтималдығы жоғары ауру белгілерін, дененің бөртуін ескереміз. Мұрнын қарап, тамағындағы бадамша бездерінің күйін тексереміз. Көзіне қараймыз. Яғни, көзге көрініп тұрған дене мүшелерінде қандай да бір өзгерістің бар-жоғы қаралады.

Жүрек-қантамыр, екпе тыныс жолдарының және т.б. жүйелер аурулары бойынша есепте тұрған адамдар өзінің жақсы күйде жүргенін айтып келсе, дәрігерлер жүрегі мен өкпесін тыңдайды. Осындай медициналық қарау арқылы вакцинацияға келгендердің ағзасында белгілі бір вакцинацияға кері көрсеткіштер анықталып жаста, оның бәрі медициналық құжаттарына жазылып көрсетіледі. Медициналық кері көрсеткіш уақытша немесе түбегейлі болуы мүмкін.

Вакцинация уақытымен қатар келуінің әсерінен болатын әртүрлі асқынулардың алдын алып, одан сақтандырудың бірден-бір жолы осы».

## 5. ЕКПЕ БӨЛМЕСІНДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ?

«Будан кейін маман екпе алушының амбулаториялық кітапшасына вакцинация алушының осы дәрігерге келген мезеттегі жағдайын түбегейлі сипаттап жазып, осы мезетте қажетті вакцинанан атын көрсетіп, осы вакцина алуға қарсы көрсеткіштері жоқ екендігін негізге ала отырып – рұқсат ететіндігі туралы жазба қалдырады.

Содан кейін ғана барлық қағазын ұстатып, егу бөлмесіне жібереді. Мұнда екпе салушы мамандар – медбикелер амбулаториялық картаға медициналық тексеру жасаған дәрігердің не деп жазғанын мұқият түрде оқиды.

Ол жерде азаматтың қай күні, қай сағатта келгені, дене температурасы мен медициналық қарауда анықталған статусын растайтын мәліметтері жазылады. Амбулаторлық картадағы келген азаматқа көрсетілген уақыт пен датасы және «Вакцина жасауға рұқсат етіледі» деген жазылуы керек. Егуші медбике осы картаға қарауы керек».

## 6. МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БІР КҮНГЕ ҒАНА ЖАРАМДЫ

«Бірақ егу бөлмесіне бара жатқан жолда жұмысыңызға шұғыл шақырып қалып, кіре алмай кетуіңіз мүмкін. Келесі келгенде қайтадан дәрігердің қарауынан өтесіз. Ол міндетті. Сол үшін медициналық бақылаудан өткен уақыт амбулаториялық картада нақты жазылады.

Егу бөлмесіндегі медбике амбулаториялық картадағы уақыттың ескіргенін көрсе, статусыңызды нақтылауға қайта дәрігерге жібереді.

Өйткені, кешегі болған денсаулық жағдайыңыз бен бүгінгі денсаулық жағдайыңыз сәйкеспейтін әбден мүмкін. Кеше дәрігерге қаралғанда сау боғаныңызбен, бір күннің ішінде көшеде вирус жұқтырған адаммен кездесісеңіз контактіге түсуіңіз мүмкін. Сондықтан ертеңінде дәрігерге бармастан бірден егу бөлмесіне келсеңіз, өзіңізге де, басқаларға да қауіп төндірмесіз деген сөз.

Біздің медбикелер ол жағын жақсы біледі. Ондайға жол берілмейді. Оның бәрін кішкентай балаларға вакцина салған кезде мұқият түсіндіріп айтамыз. Ол тәртіпті егуге жауапты мамандар жатқа біледі және ересек азаматтарды егу барысында да сол тактика іске асырылады».

## 7. «СПУТНИК V» ИЫҚ БҰЛШЫҚ ЕТІНЕ САЛЫНАДЫ

«Спутник V» вакцинасы иықтың дельта тәріздес бұлшық етіне егіледі. Ол 2 этапта салынады. Бірінші және екінші этаптың арасында 21 күн өтуі керек. Ал, белгілі бір жағдаймен 21 күннен асырып алсаңыз, 60 күнге дейін уақытыңыз бар. Яғни, екі этаптың арасында 60 күнге дейін аралыққа жол беріледі.

Соңғы зерттеу жұмыстарының қорытындысы бірінші жасаған вакцинадан кейін ағзада пайда болған антиденелердің иммундық қабілеті 60 күн бойы жоғары деңгейде сақталатынын көрсетті».

Әлі де болса, ғылыми жұмыстардың жалғасуына байланысты, екі вакцинанан аралығы 60 күннен асса, қайтадан бірінші этаптан бастау керектігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген жоқ».

## 8. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ АҚЫЛЫ ВАКЦИНАЛАУ ЗАҢДАСТЫРЫЛМАҒАН

«Пандемияның кезінде бұл вакцина арнайы Үкімет тарапынан бөлінген ақшаға сатып алынып отыр. Сол үшін вакциналауға шақырылған азаматтардың барлығына тегін жасалады.

Ал, егер біреу «Біздің мекемемізде ешқандай кері әсері жоқ, тиімділігі жоғары керемет ақылы вакцина бар» десе, ойлануыңыз керек. «Бұл қайдан келген батпан құйрық? Сол мезетте құзырлы органдарға хабарласып, анық-қанығын біліп беріңіз» деп қызығушылық білдіруіңіз қажет.

Коронавирусқа қарсы ақылы түрде вакцина салу елімізде заңдастырылмаған. Басқа вакциналарды ақылы салғызуға болады. Бірақ коронавирус вакцинасын ақылы түрде салу заңдастырылмаған. Себебі, үкімет тарапынан орталықтандырылған жүйемен, тексеруден өткен, күмәнсіз вакцинанан алып отырғандықтан ол мемлекеттік медицина мекемелерінде ғана ақысыз жасалу қарастырылған.

## ● МАМАН КЕҢЕСІ

# COVID - 19



техничкалардың вакцина жасауға құқығы жоқ.

Негізінен медбикелер жасайды. Дәрігер де жасауы мүмкін. Бірақ көбіне жылына бір рет емтихан тапсырып, қолына рұқсат қағаз алған медбикелер жасайды.

11. Вакцина алған адам неше сағат жұмыстан босатылады?

«Вакцина ерікті түрде салынатын болғандықтан, мекемелердің басшыларын хабардар етіп жатырмыз. Егер үлкен мекеме болса, ол жердің өзінде егу пунктерін ұйымдастыру тапсырылып жатыр.

Екпе алғаннан кейін қызметкер жарты сағат отырып, түбегейлі жұмысына кірісіп кете береді. Вакцина алып болғаннан кейін ауыр жұмыс істемеу керек деген талап жоқ. Жұмыс беруші үйге жіберемін десе, оны өзі шешеді. Біздің тарапымыздан ондай нұсқау берілмейді.

## 12. ЕКПЕ САЛАТЫН МАМАНЫҢ МІНДЕТІ

«Ең бірінші медбике келген адамның амбулаториялық картасын қарап, аты-жөнін нақтылайды. Ол мәліметтердің келген кісінің төл құжатына сәйкес болуы да көзделген. Бағана айтқанымдай, амбулаториялық картадағы мәліметтер вакцина алушының бүгінгі күніндегі жағдайына сай келуі қажет.

Сосын барып медбике вакцинанан шығарады. 3 мл-лік бір құтыны 5 адамға 0,5 мл дозадан егеміз. Ең бірінші келген адамның көзінше құтының сыртына қабырға сағаттағы уақыт пен дата жазылады. -18 градус суықтан шығарылған вакцина медбикенің алақанында 2-3 минуттың ішінде ериді.

Екіншіден бастап бесінші адам келгенге дейін құтының сыртындағы уақыт пен қабырға сағатындағы уақыт салыстырылып отырылады. Екі сағаттан бір минут та асып кеткен болса, жаңа құты әкелуді талап етуі керек. Өйткені, құты ашылағаннан кейін 2 сағат ішінде вакцина салынып бітуі керек.

## 13. ВАКЦИНА БІР РЕТТІК ШПРИЦПЕН ЕГІЛЕДІ

«Медбикенің қолында қолғап, бетінде маска болуы керек. Вакцина бір реттік шприцпен салынады.

Медициналық столға қойып, келушінің қолын дайындайды. Қолын дайындап болғанша өзін-өзі блоктайтын немесе өздігінен деформацияға ұшырайтын шприц пайдаланылып жатқанын айтады. Вакцинанан инемен тартудың алдында құтының қалпағын шешеді. Қалпағын шешкен кезде орнын бір рет спирттік салфеткемен сүртіп алады.

Бір құтыда 3 мл. вакцина бар. Сонда 0,5 миллилитрден дегенде 6 доза болады. Бірақ біз 5 адамға ғана жасаймыз. Өйткені, әр дозаны тартқан сайын шприц ішінде ауа қалмас үшін болымсыз порциясын шығарып отырылады.

Ол шығарылған аздаған мөлшерінің сыртқы ортаға ешқандай қауіпі жоқ. Ауада қалса да, жерге түссе де зиян келтірмейді. Оған қосымша егу пунктерінде тазалау өңдеу жұмыстарына да көп көңіл бөлінеді.

## 14. ЕКПЕДЕН КЕЙІН 30 МИНУТ МАМАҢДАРДЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛЫҢЫЗ

«Доза шприцке тартылғаннан кейін медбике қолына тағы бір спирттік салфетканы алып, иықтың ине салатын жерін сүртеді. Осыдан кейін екпе салынады. Екпе салынғаннан кейін ине кірген орынға бактерия түсіп кетпеуі үшін пластыр жапсыруға болады. Бірақ оны уақытша жасау керек немесе спирттік салфеткемен басып тұруға да болады.

Орнынан қозғап, ары-бері сүртудің қажеті жоқ. Вакцинациялаудан кейін азаматтың жағдайын қайта сұрап, вакцинация туралы мәліметтер қажетті медициналық құжаттарға және компьютерлік деректер жүйесіне енгізіледі.

Салып болғаннан кейін медбике келушінің жағдайын сұрауға міндетті, себебі вакцинациядан кейінгі жағдайы да қажетті мәлімет, ол да құжатқа міндетті түрде жазылады.

1-2 минут өткеннен кейін қолды түсіріп, келесі бөлмеде 30 минут күту керек. Вакцина салынған адамдардың екпе алғанын растайтын қағаздан жасалған бейджді тағамыз.

Кейбір мемлекеттер білезік тағып, тұмарша іліп жатады. Оның бәрі де белгіленген тәртіпке байланысты. Вакцина алған адам алмаған адаммен қарым-қатынаста болмайды.

Екі топ бөлек-бөлек күтуі керек. Ең бірінші бұл бүгінгі күнгі әлеуметтік дистанция талабы, сонымен қатар вакцина алуға келген азаматтарымыздың психологиялық жағдайын да ойластыруымыз қажет.

Яғни, вакцина алған адамның аузынан шыққан әрбір сөз егілген адамға әр түрлі әсер етуі мүмкін. Кейбір әзілқой жастар әдейі қорқытып айтуы мүмкін дегендей. Екпеден кейін келуші 30 минут күтіп барып, тысқа шығады. Одан ерте кетуге рұқсат бермейміз».

## 15. МАМАҢДАР СІЗДІ 3 КҮН БОЙЫ ҚАШЫҚТАН БАҚЫЛАЙДЫ

«Үй жағдайында медицина қызметкерлері күніне бір рет хабарласып, жағдайын сұрайды. Бейнеқоңырау арқылы да байланысқа шығуы мүмкін.

Үйге барып вакцина салу қарастырылып жатқан жоқ. Егер ондай өтініш болса, индивидуалды түрде жергілікті медициналық мекеменің қадағалауымен, рұқсатымен жасалуы керек. Бүгінде ондай қажеттілік туындап отырған жоқ. Қажеттілік туындап жатса, жан-жақты ойластырылып барып шешім қабылданады».

## 16. КОРОНАВИРУСПЕН АУЫРҒАН АДАМҒА 6 АЙ БОЙЫ ВАКЦИНА САЛУҒА БОЛМАЙДЫ

«Ғалымдар коронавирус инфекциясы жұққаннан кейін пайда болатын антиденелер 3-6 айдың арасында түгел жойылатынын дәлелді. Яғни, вирус жұқтырып ауырған адам 6 айға дейін вакцина салдыра алмайды. 6 ай өткеннен кейін ғана салдыруы керек. Қазіргі мәлімет бойынша осындай талап бар.

## 17. 18-ГЕ ТОЛМАҒАНДАР НЕГЕ ВАКЦИНА САЛҒЫЗА АЛМАЙДЫ?

«Жүкті әйелдерге және жасы 18-ге толмаған адамдардың вакцина алуға мүмкіндігі жоқ. Себебі, олар вакцина сынағына қатысқан еріктілер қатарына алынған жоқ. Зерттеу барысында оларға вакцина салынып, тексерілген жоқ.

Сөз соңында Айнагул Қуатбаева өзінің вакцина салғызғанын айтты.

«Менің өзім вакцина салдырғандар қатарына жатамын. Мен вакцина саласында жұмыс істеп жүрген адам болғандықтан, өзімнің отбасыма қолжетімді вакцинанан бәрін салғызуға тырысамын», – деді эпидемиолог.



# Терроризм - дегеніміз не?

Терроризм - [лат. terror - қорқыныш, үрей] - саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану, ұғым XVIII соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясаты атауда қолданылды. "Террор" ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйелердің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады. Терроризм ретінде "әлсіздің" тарапынан болатын (радикалды саяси оппозиция, экстремистік пиғылдағы ұлттық немесе діни азшылық, діни фанатиктер және т.б.) әрекет түсініледі. Терроризм - ұйымдасқан топ діндеген мақсатына жету үшін дүрсін - дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталды. 1977 жылы Еуропалық Кеңеске мүше - мемлекеттер терроризммен күрес жөнінде Еуропалық конвенция қабылдады. Терроризм (ең алдымен, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерін өлтіру) тарих ағынына елеулі ықпал етеді, бірақ саяси қайраткерлерге қарсы терактілер өздігінен жалпы адамзатқа аса қауіп төндіре қоймайды. XXғ. екінші жартысында жағдай түбегейлі өзгерді, терроризмнің әртүрлі түрлерінің күрт жіктелуі орын алды. Ол өмір сүріп отырған бүкіл саясат тәртіптеріне, институттарға, заңды билік құрылымдарына қарсы жаппай соғысқа айналды.

Терроризмнің иррационалдықы қыры саясатқа еш қатысы жоқ қарапайым халықты жаппай қырудан көрініс тапты. Нәтижесінде зорлық-зомбылық апаты және вакханалия жер шарының әрбір адамын терактіні ұйымдастырушылардың ақылға қонымысыз идеяларының бұғауында қалдырды. XX ғ. соңында терроризм қазіргі заманның өткір ғаламдық мәселелеріне айналды. 1960-1970-шы жылдары солшыл экстремистік пиғылдағы Италиядағы "Қызыл бригада" және Германиядағы Баадер-Майнхоф сияқты топтардың әрекеттерімен байланысты терроризм толқыны Батыс Еуропаны шарпып өтті. 1990-шы жылдардың басында Ресей қанды террористік зомбылықтың ортасында қалды. Кейіннен оған ислам экстремизмі, шешен сепаратизмі қосылды. Антитеррордың әдістері, технологиясы және тиімді стратегиясы отандық және шетелдік арнайы қызметтер күшіне сүйенеді. Саяси мақсаттарын іске асыру үшін өлімді, адамдарды ұрлауға, диверсияны және басқа да басып - жаншу актілерін құрал ретінде қолдану.

# Жемқорлыққа жол жоқ



Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

пай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырақ емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс - тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз - шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір - қасиетін құрметтеуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық құлшыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта таныт-

Елбасы Жолдауында: «Занды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң қалай бұрсаң, солай бұралатын тәртенің» керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен. Ендеше жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда белгілен тапсырмалардың шындығына айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.



# Мемлекеттік тілдің бәрі мен болашағы

Мемлекеттік тіл - Тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Өнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Демек мемлекеттік тіл де - мемлекеттігіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Біздің Ата Заңымызда "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жазылған. Ал орыс тілін ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданады, - деп айтқан Біз Конституция талаптарын мұлткісіз орындауға міндеттіміз. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Қазіргі таңда еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан - 2050" стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Жолдауында: "Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей - жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп айтатын боламыз", - деген болатын. Ата заң аясында бақ - берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл - халық қазынасы. Ұлттың жаны. Тілдің мәселесі - ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратында өзіміз. Отбасы өзімізде, Отанымыз Қазақстан! Тіл меңгеруде ата - ананың рөлі ерекше екенін, әр отбасы уыз шағнан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің еш қиындығы жоқ. "Ана тілін білмеген, анасын да сыйлама", - демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. М. Шахановша айтар болсаң, қазіргі таңда өз тілін өгейсіп, "мәңгірттеніп" жүрген жандар көп. Бірақ қазақ тілі - тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай "Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде." Ендеше тілімізді, ұлтымызды, отбасымызды қадірлегендей қадірлейік.

Сәния УНГАРОВА.  
Кеңжыра ауылының мәдениет қызметкері,  
"Nur Otan" партиясының мүшесі.

# Дәруменмен байыттылған диеталық сүт өнімдері

Ас адамның арқауы деп атам заманнан пайымдап келе жатқан бабаларымыз дастарқанындағы әр өнімнің пайдасын пішіп, орнымен тұтынған. Қазақ дастарқанында ақтың үзілмейтін ежелден белгілі. Сүт өнімдерінің пайдасы бүгінде де еленбей жүрген жоқ. Диеталық сүтқышқылды өнімдерінің тағамдық құндылығы жоғары, адам ағзасына жан-жақты пайдалы әсер ететіні ғылыммен дәлелденген.

Табиғи сүттің пайдалылығы қасиеттері сүт қышқылы микроорганизмдері арқасында еселене түседі. Олардың әсерінен сүт қышқылдарының ашыту үрдісі қарқынды жүреді де сүт қантының бір бөлігі негізінен сүт қышқылына ашытылады, сонымен қатар спирттер мен көмірқышқыл газы, антибиотиктер мен дәрумендер сынды заттар пайда болады. Сүт қышқылы ішектегі ортаның реакциясын өзгертіп, ондағы пайдалы микрофлораның дамуына ықпал етеді және ас қорыту сөлдерінің бөлінуін жақсартады.

Аталған өнімнің пайдасын нақты мысалдар негізінде қарастырайық. Диеталық сүт қышқылды өнімдердің тізімін майсыздандырылған сүзбеден бастамақ:

- Өнімнің төмен калориялығы мен жеңіл сіңімділігі әсіресе салмақ тастаушыларға, спортшыларға және ем шара қабылдаушыларға пайдалы.
- Мәзірге майсыздандырылған сүзбені жиі енгізудің арқасында қандағы гемоглобин мен жүйке жүйесіндегі қалпына келтіру процестері жақсартады.
- Н, В1 және В12 дәрумендерінің қасиеттері ақуыздар мен майлардың синтезінде мңызды рөл ойнайды, ас қорыту жүйесін қалыпқа келтіруге пайдалы компоненттердің белсенді жұмысына ықпал етеді.
- Сонымен қатар, майсыз сүзбенің сілтілі реакциясы рН тепе-теңдігін организм үшін оңтайлы көрсеткішке ұстап тұрады.
- Майсыздандырылған сүзбе бүйректің, иммундық жүйенің, жүрек - тамыр жүйесінің жұмысына да пайдалы әсер етеді.

Сүзбеден бөлек, айранның да адам ағзасына әкелер пайдасы зор. Сусынды қалыпты мөлшерде үнемі тұтыну метаболизмді жақсартады және гемопозз жоғарылайды. Бұл өнімді диетаның гипертониялық науқастар мен атеросклерозы бар адамдар қосуы керек.

Пайдалы сүт қышқылды өнімдерді атағанда қымызды ауызға алмау мүмкін емес шығар. Шынымен, қымыздың дәмі балдай, жанға майдай жағатыны рас. Оның басқа түлік сүтінен ерекшелігі де дәлелденген, альбуминдік қасиетке ие, яғни, сүттің ерекше түрі деп бағаланса керек. Қымызда кездесетін заттардың барлығы дерлік адам денсаулығына пайдалы.

Кез - келген сүттегі ең бағалы зат - ақуыз болса, бие сүтінде ол 1,8-2 % болады. Қымызда шамамен 1,3-2,0% май бар, бұл сыыр сүтіндегіден 2 есе кем. Соның салдарынан қымыз диеталық сусын деп танылған.

Қан құрауда маңызды роль атқаратын кобальт пен мыс сияқты элементтер сыыр сүтінен гөрі бие сүтінде әлдеқайда көп: кобальт онда 1,5 есе, ал мыс 3,2 есе артық. Бір литр қымызда 1,60 мг мыс болады екен. Сондықтан да бүгінгі күні қымызды емдік әдісте, профилакторияда жиі пайдаланады.

Сүт қышқылды өнімдердің белгілі

ерекшелігі жеткілікті дәрежеде дәрумендермен байытылғандығында. Г.С.Иниховтың мәлеметтері бойынша қалыпты сүтпен салыстырғанда уыз құрамында сары су ақуыздары (альбумин мен глобулиндер), минералды заттар мөлшері, дәрумендер (А, D, E, K, B, B2, B3, B6, B12, PP, C) айтарлықтай көп. Олар жаңа туған төлді инфекциялық аурулардан сақтайды және иммунитетті күшейтеді. Мысалы, Н - дәрумені (Биотин) жүйке жүйесін реттейді.

Тамақта бұл витамин жетіспесе жүйке бұзылады, тері зақымданады. Ал А - дәрумені (Ретинол) бой және қаққа дамуына әсер етеді, тері, көз көру, шырышты қабыршақтарға, ағзаның жұқпалы ауруларына қарсы тұруына әсер етеді. А дәрумені жетіспесе бой өсу тоқтайды, шаш түседі, ағза тозады, көз көру қабілеті нашарлайды.

Сүт өнімдерін өндіруде майлардың, көмірсулардың, дәрумендердің және басқа компоненттердің белгілі бір сандық және сапалық қатынасы болуы керек. Сол себепті минералды заттармен бірге сүт қоспалары суда және майда еритін дәрумендермен байытылады.

Әлі туылмаған нәресте үшін жалғыз қуат көзі - бұл ана. Сіздің балаңыз барлық қоректік заттарды қан арқылы алатындықтан, жүктілік кезінде дұрыс тамақтану маңызды. Жүктілік кезінде ұлпа құру үшін қажетті ақуызға қажеттілік екі есе артады. Кальций де қажет: ол баланың сүйек тіндері мен тістерінің қалыптасуын реттейді. Егер эмбрион кальцийдің жеткілікті мөлшерін алмаса, ол оны анасынан ала бастайды. Демек, бұл рационал бұл элементтердің болмауы анаға да, балаға да кері әсер етуі әбден мүмкін. Ал, ақуыз бен кальцийдің № 1 көзі-сүт және қышқыл сүт өнімдері. Соның ішінде майсыз сүзбе - бұл ұрықтың сүйек жүйесін салу кезінде қажет болатын кальцийдің қайнар көзі.

Диеталық сүт қышқылды өнімдер баланың ас қорыту заттарына қажет заттардың көзі болып табылады. Олар сондай-ақ, емдік және профилактикалық әсерге ие: ішек инфекцияларынан қорғау, қышқыл сүт өнімдерінде кездесетін дисбактериозақислиннің алдын - алу сүт қышқылы деп аталады және бактерицидтік қасиетке ие. Бұл өнімдерде кездесетін пайдалы бактериялар тоқ ішекте орналасқан қоздырғыштардың өсуіне қарсы тұрады. Осылайша, сүт қышқылды организмді енді қалыптасып келе жатқан жас буынның ас қорыту жүйесінің дұрыс бейімделуіне үлкен септігін тигізеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, диеталық сүт қышқылды өнімдер әр адамның рационының маңызды бөлігі. ДСҚӨ пайдалы әсерлері бірнеше жылдан бері зерттеліп, мүйізі қарағайдай мамандардың қолдауына ие болған.

Алайда, пайдалы екен деп тек сүтқышқылдарымен қоректенуге болмайтыны сөзсіз. Шамадан тыс қолданылған кез келген өнім ағзаға кері әсерін тигізеді. Қысқасы, өз қазынаңыз - денсаулығыңызды аялаңыз!

**Шұғыла АЙДЫНОВА,**  
**С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті "жаратылыстану ғылымдары және технологиялар" факультетінің физика және технология кафедрасының 5В072800 «Өңдеу өндірісінің технологиясы» мамандығының 4-курс студенті.**

# Мін - ең асыл құндылық

Тіл - құдырет. Тіл елдің, халықтың ең асыл қазынасы. Әр ұлттың тілі - оның бақыты, баға жетпес байлығы. Тіл - ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгінгі және болашағы. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деп тілдің ұлт үшін қандай маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. Тіліміз - әрбір ұлттың, ұлыстың мақтаншы, кезінің қарашығындай көретін қазынасы, асыл мұрасы. Осы асыл мұрамызды ұлағаттау біздің жас ұрпақтың, жастардың қолында десем артық айтқаным болмас. Отанымыздың өсіп-өнуіне бірден - бір септігін тигізер мәңгілік мұра. Еліміздің болашағы - оның асыл қазынасы тілі. Ол әрдайым бізбен өмір сүрері есте белгілі. Тіл - біздің бақытымыз болса, тілдің бақыты - оның болашағының жарқын болуы, ұлтының оны қадір тұта білуі. Тілімізді қадірлейік!



**Д.ОРАЗАНБАЕВ,**  
**аудандық сотының жетекші маманы**

**РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ**



**(Жалғасы. Басы өткен сандарда).**

Енді орнынан тұрып, лып еткізіп жалаң қолымен оттың ортасын шапалақпен бірді осып өтті. Үйді от қаптап кеткендей болды. Әйелдер шу ете қалды. Отқа салынып қойылған қысқашты баж еткізіп жалап алды да, керегені көтеріп, орнына үш қойды. Есік жақта отырған Исабектің сағатын алып, билеген сияқты үш айналып орнына жіберді.

Қабдолданың әйелі Шайжанды да осылай айналдырды. Зәресі кеткен әйелі баж етіп дауысын шығарды да, айнала берді. Әйелдің екі көзі бақсының омырауында. Шамасы жаңағы жалаңаш етіне қарғып шығып, шағып алатындай қорқады.

- Ол енді тимейді, шошыма! - деп зекіреді. Жартының әйелін үйден қуып шығарып жіберді. Кәрібайды айналдырарында, тоқымның ішегінен әкел деген дауыс естілді. Көкең далаға секіріп шығып, қараңғыға жоқ болды. Кебісін шешіп, байпағын да сыпырды. Отты бірнеше рет таптап өтті.

Көптеген осындай таңғажайыпты жасай отырып, қалжырады білем, төр алдына барып, шөке түсіп жатып қалды.

Ақыры ел тарапты.

Ертеңіне қарағанда әркім жайлы жеке сұрапты.

Ертеңіне қарағандар ауызбауыз өздері естіп қайтыпты. Бірнешеуі қайта оралыпты. Соның бірі - Сапақбайдың Исабегі.

Исабек қысқа мұрынды, мұрнынан сөйлейтін адам еді. Бір дағдысы сыртына біткен қотыры болмаса да, қасынғанда жан табалмайтын еді. Әсіресе терлегенде, жатқанда астыңғы жағы домбығып, шыдатпаған соң, шөп сияқты жалпылдақ отынды жер ошаққа жағып жіберіп, қыздырылатын. Денесінің түгін от шалып иісі шығып жатса, жер ошақтың үстінде сүйсініп жататын. Сонан екі-үш күн өткенше қышыбайтын. Қышыған кезде әйелдер далаға ұялып шықпайтын. Жап - жалаңаш қақтаран алдында ақ үйлеріне тығылып алған шал байғұсты аяйтын. Жастар үлкендерге естіртпей мазақ етіп күлісетін. Үлдарды далаға жұмсап, аталарың қыздырынып болып па, біліңдерші деп жұмсайтын. «Бо-лыпты» деген сөзді естіген соң ғана далаға шығатын. Исекеңнің әйелі аппақ жас келіншек. Сырт қараған адам «Мына аппақ қызды кедей божбан шалға қалай берді екен» дерлік. Келіншегі дыбыс шығарып сөйлемейтін. Өмірі басын тамағымен қоса орап тастайтын, бойшаң болатын. Басында тілі жоқ болар деп ойлайтын едім. Балалардың арасында сайрап тұр. Бірақ бері келе, тамақ асты безінен ірің ағып тұратынын байқағаным бар. Сонысынан ба екен, көрші-көлеңге де кірмеді. Мөлшері сонан арланатын болар,

**КЕЙУАНАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ**

*(Деректі хикая)*

күйгеннен айтылған қарғыс, Алланың құлағына шалыққан. Үйінің керегесінде бас сайын саба ілініп тұр. Әр сабаның піспегінің ұшында бірден шам жағулы.

Не қазірдің өзінде балалы адам да, не алдында көп бала күтіп тұр. Малының қызығы сонда, жылқысы көп, қойы аз. Оған қарағанда, ұлынан да қызы көп болар. Емі, сол қара үйден құтылу. Не өртеп жіберу керекте, не қыстауға апарып жинап, сыртын бекітіп, қара пәле шықпастай сыртынан от жағып кету қажет. Енді қайтып, ол үйге кірмеген жөн деп жауап берген. Ел болса, мұның бәріне иманша ұйып, тыңдалған. Біреулер: Барлығы қолдан қойғандай. Бірге жүрген адам болса, көргенін айтты дер еді. Енді ден қоймай көр,- деп жатса.

Біреулер: Қарғыстан Қабдолданың енесі екені анық болды.

Қасиетінен айналайын бақсының дәл үстінен түскенін көрдің бе? Ол қақпас, ұлы жоқ бола тұрып, жаңғыз қызын қалай аузы барып қарғады екен? Жағыңа жылан жұмыртқалағырдың қарғысы қалай құдайдың құлағына тап болған десеңші,- десуде.

Ал бәз біреулер: - Баласының көп екенінде біліп отыр. Сабасының кереге басына ілініп тұруы, қызына алынған қалың мал болмақ. Әр піспегінің сабы бас сайын шам жанып тұрғаны, құдалары кемінде ауқатты, немесе бай адамдар болмақ екен. Ал қара үйдің шаңырағы, туырлығы толы пәле болса, өртеп не қыстауға апарып жинап, шығып кетпесі үшін есік терезе сыртына от жағып кет дегені де, табылған ақыл. Сайтандар, оттан қорқады. Ондай жағдайда ол тамына кірмегені де, табылған ақыл. Оның орнына алты қанат ақ орда тігетін болса, не қажеті бар?! Өздері бала - шағалымыз, көрі кемпіріміз бар, еш қайда көшпейміз деп отыр деген еді, енді көшпей көрсін. «Өлмегенге өлі балық» демекші, көрдің бе, «құланның қашуына, мылтықтың басуы» сай келуін. Қабдолда қанша талапсыз болса да, енді елден қалмауы керек. Еркектің құтысында талпынбаған жұмыртқа, жұмыртқасында шіріп дегені рас болып тұр. Бұл жерде, жұртта қалған, адасқан иттей болып несіне қалады?

«Есекті отқа айдаса, боққа қашады» бола қоймас. Ант атқан қақпасты жұртқа тастап кетсе армансыз. Бір өзеннің бойында қарғанып жатсын. Өзінің екі көзі болса, бірдей жоқ. Сол күншеке үшін, «Қайда жылатып тастап кетемін?!» - деп отырған қызына енді не бетін айтпақ?

Бұл жолы да сынық бұтақтың суын басынан кім лайлап жатқанына жұрттың назары аумады. Осы бақсының айналдырған адамдарының бәрі көші-қон жайлы ойламаған жандар екеніне ой жібергендерде болмады. Барлығының ойындары, аузындағы тек «білгірдің» балында болатын.

Көп кешікпей, Қабдолданың мүлкі аман, үйінің өртеніп кеткенін естідік. Білген де, білмеген де оған өкінген жоқ. Әркім есік-құсқыларынан жинап баспана тік берді. Енді бірнеше күннен кейін,

\* \* \*  
- Машкеннің Кәрібайын неге ішпекке керек еттіңіз?-деген сұраққа:

- Оны тер сіңген тоқым ішпегімен ұшықтап жіберу керек еді. Қашып кетті. Кәменес қой, дегенмен, жақын кезде от тиген ішікпен аластаған жөн болар. Ол ауылдың Қозыайыр өлгенсоң, берекесі кетті. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады - адам айтса нанғысыз». Олардың ауылының сыртынан өтсең, орыс сасып тұрады. Сүлейдің баламды оқытып жетілдіріп шығарамын дегені ағат болды. Олардан оқып жетілгенде орыс шығатынын білмепті Қажекен деген сөзді айтыпты. Шоқынғандар, біздің де ауылды бұлдірді деген екен.

Менде адам пендесінің бірімін. Жастық өрге, қарттық көрге жетелегеніне қарамастан, «Көппен көрген ұлы той», - деп ілескелі отырмын.

- Кәрібайда баруға уәде берген, - деген сөз естілді. Оны айтқан Ұлықпан болатын. Мұны естіген Құдайберген қатты қуанды.

- Ана, әркімнің еркі өзінде. Балалы - шағалы. Қарға жұмыртқасы үстіндегі қара шешесіне ақыл үйретпес деген емес пе? Мен болсам тек өз атымнан ғана сөйлеп отырмын,- деген от мінез ер кеуде жігіт.

Бақсының сөзі де, өткен өкпе де бұл жерде ұмытылды.

**ЫМЫРТТАҒЫ ҚАРБАЛАС**

Қыс есікті қақпастан ақ, қазанның басында-ақ біртіндеп кіре бастады. Түстен кейінгі есіліп жатқан жер, ертемен тоңазып, төрт ат жиналып, арбаны өрең тартатын болып қалды. Жаңбыр тамбаған 1931 жылдың құрғақшылығы нағыз қанарына мінетін жыл екенін ешкім білмейді. «Екі жыртқы біркісе, абырдың кеткені!» деп қояды көп жасаған қарттар. Оның мағынасы, өткен жылы құрғақтық елдің есін шығарып жіберді. Ал быыл болса, жылдағыдай малдың жұқанасын тағы алғалы жатыр. Ел арасындағы лоблу көбейді, тіпті ашу үстінде ауызданда артық сөз шығып кететін кездерде болды.

Белсенділердің ішінде ашынушылық байқалады. Тіпті, өздері қарсы «контрлық» сөздер айтып та жіберді. Жұрт жаппай қарсылыққа дайын сияқты, тек бастайтын адам жоқ. Оның үстіне аз жылдардың өзінде жүргізілген үгіттің әсері бар. Оның үстіне қорку мен жасадан тағы зәресі ұшады.

Қарама - қарсы үгіттер қайшы алысады. Әліде бытыранқы елден, не болып, не қойып жатқанын білу қиын. Жұрт пәленің неде екенін білмейді. Барлығын: ауыл белсенділері, аудан бастығы, онан да жоғары жақтан іздейді. Тіпті ашынып алған кей белсенділер, аштықты қол астындағы елден де көреді. Кей кездерде жұмыстан кешігіп қалғандарға қамшы да ойнайды.

Астықтың жаман шыққаны жайлы Құдайға да өкпелі. Елдің бар үміті, келесі жылғы астықтың шығуынан дәмелі. «Елде болса ерінге жағылар» деп, кегін жерден алып, жер тоңазысада, күздікті

құрғақ топырақ астына көміп жатыр. Былтырда осылай болған. Айныса нетсін. Жер бетіне өніп шықпаған астықты да медет етеді. Күзде бір жаңбырдан соң себілген астықтың жер бетіне шыққанына қарап, бір жасап қалады. Бұл қанша елді асырамақ екені жайлы, ойлапта жатпайды. Оның сыртында, үкіметті осы астықпен қалай қамтамасыз етпек?

Кей жерде босқа айдап, сеппей қайта жүзін жасырып, қалталап, қоржындап алыпта кетеді. Бұрынғыдай, біреуді біреу көріп жатпайды.

Түнге қарсы бидайды алып кетпес үшін және қасындағы қырманнан бидай әкетпес үшін, комсомолдардан күзет қояды. Өткен жылы аштық шымбайына батқандар, «Көрмейді!». Кейде күндіз кешке дейін соқа артынан жүргендері, астық маясының астына кіріп алып, ұйқыны күзетеді. Немесе, пысықтары түнімен бидай ұшырып, дайындап қойған жеріне тышқанша тасып шығады.

Түнімен оның сыртында аудан тарапынан келген өкілдер тағы аралап шығады. Оларда бидай бөкпенге тойып алып, қырман басында түн жарымнан соң қайтады.

Адам да, ат та әлсіз. Тек, қалтарысқа бағып, түнде жем иіскетіп жүрген Өсер ақсақ бағатын жылқылар шетінен семіз. Оларды түгел тағалап тастаған. Ауданнан келген өкілдердің көзіне оны көрсетпейді.

Басқа аттар күндіз соқа тартады. Көбі биелер. Тау аспақ түгіл тассыз етекте еңбектеп жүре алмайды. Соқаға салған биелердің күші барлық аяққа түгел түседі. Сондықтанда төрт аяқтан түгел ақсайды. Ондай жылқымен әдетте мала басады. Мала басу - деген болса, тазалаған тапталған қырмандағы жаз бойғы үйілген астық. Оны бірден басып алуға күш жоқ. Аз болғанмен маялап үйіп, соны шыр айналдыра қырманға дөңгелек жасап шашып, соның үстімен тізбектелген жылқыны шыр айналдырады. Тұяққа шыдай алмаған үгіледі де түседі. Бірақ түз кезінде жақсы түскенімен, кешке жақын не ертемен түспей жатып алады.

Түн ортасы ауғанша ұйқылы-оюу балалар аттан жығылып түскенше сол дөңгелекті айналдыра береді. Қысқасы ертеңгіге дайын болып тұрады. Астық бастырудың одан өнімдірек әдісі - мала тас арқылы басу. Онда алты қырлы соқақ тасты бір атпен домалатып айнала береді де, ақырында дән тез саудырап айрылып шығады. Бірақ не керек, мала тас жоқ, оны жасауға құралда жоқ. Темір деген табылмайды. Аттың сынық тағасы, іздесе табылмас олжа. Техника мүлде жоқ. Күндегідей жұмыс кезінде айқай жоқ. Үлкенге де, кішіге де баяу сөз. Қырмандағы жұмыс жасайтын, соқадағы қалақ бұратындардың түсте сөздері сыбырға айналып кеткендей. Кешке жақынға дейін елдің көзі тау жақта. Кездері талғанша, әлде бір ноқаттарға тесіле қарасады.

**Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,**  
зейнеткер - журналист.

(Жалғасы бар).

**Жемқорлықпен күрес - әр азаматтың парызы**

Сыбайлас жемқорлық тақырыбы көптеген ғалымдармен зерттелген және де әлі де толыққанды қарастыруды қажет етеді. Осы мәселе төңірегінде мемлекет тарапынан көптеген іс - шаралар жасалынып жатыр. Тәуелсіздігімізді алып, жеке мемлекет болып қалыптасқаннан бастап сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы заң қабылданып, мемлекеттік бағдарламалар жасалып жатыр.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Қоғамға зор қауіп төндіріп, орасан зор кесел келтіретін осындай келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайда-

лы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

Елбасының тапсырмасымен 2015 - 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы әзірленіп, 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоғартып, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай

**Жемқорлық**



жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

**Мұхтар МҰСАНОВ,**  
аудандық қазынашылық басқарма басшысы.

**Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!**

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез - келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Бұл дерттің жаппай жойылмау жолын жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Ендеше жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс кезіңіз олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесуіміз керек. Осы мақсатпен колледжіміздің студенттерімен бірге отырып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты студенттер арасында үздік видео ролик, «Жемқорлық түбі - қорлық» атты эссе өткізілді. Қаңтар айында «Таза сессия» сауалнамасы колледж психологы З.И.Шарипова өткізе «Адал бол!» акциясын С.Қ.Қапсаметов ұйымдастырылып өткізілді. Кітапханада жемқорлыққа қарсы бұрыш ұйымдастырылып, студенттерге таныстырылды. «Жемқорлыққа қарсы күрес» атты, ата-аналарымен жиналысы зум платформасы арқылы өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру» бағытында зум платформасы арқылы тәрбие сағаттары өткізілді. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, күніне орай «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылдық, Елбасымыздың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Алмақтың да, салмағы бар. Жемқорлықтың жемі ас болмай, түбі қорлыққа қалатындығын әр адам баласы білсе деймін. Қорыта айтқанда, алдымен адам бол қалайық, ал заман өздігінен түзеледі. Сондықтан жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**М.НҮСІПОВА, Г.БАЛДЕНОВА,**  
Ақсу политехникалық колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушылары.



### Рухани жаңғыру - сананың жаңғыруы

#### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Рухани жаңғыру - мемлекетіміздің алдына қойған міндеттеріне жету жолы. Еліміздің салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан - жақты жетілген жөн. Білімнің, өнердің сананың жаңғыруына негізделген

бағытта жастардың рухани жігерін патриотизммен байланыстырған. Біздің алдымыздағы міндет – ұлт болашағының саналы болуына аянбай еңбек ету. Келер ұрпақтың алдындағы ардың ісін арқалап жүрген зиялы қауым Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ықыласпен түйсіне оқығаны анық. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», - деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып

жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Шынында да рухы биік азаматтары бар елдің іргесі мәңгілік болары хақ. Қазіргі ақпараттандыру заманында барлық мүмкіндікті пайдаланып, өз Отанына қызмет етер ұрпақ өсірсек – біздің мемлекетіміздің, жастар үшін атқарған еңбегінің жемісі мол болар еді. Ол үшін, ел мақтанышы, болған азаматтардың ерен еңбегін үлгі етіп, болашақ ұрпаққа насихаттау қажет. Мұнан басқа да «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында» «Латын әліпбиіне көшуге байланысты» түрлі шаралар жүргізілуде. Рухани жаңғыру – сананың жаңғыруы деген осы.

**Дәулет АХМЕТОВ,**  
Жаңалық ауылдық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі,  
«Nur Otan» БПҰ-ның мүшесі.

### Көнені жаңғыртқан "Рухани жаңғыру"

Рухани жаңғыру – көнені қайта жаңғыртқан қозғаушы күш. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйдім. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан - жақты жетілген жөн. Болашақ ұрпақтың алдындағы ардың ісін арқалап жүрген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ықыласпен түйсіне оқығаны анық. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Шынында да рухы биік азаматтары бар елдің іргесі мәңгілік бо-

лары хақ. Елбасымыз «...Қазақ «Туған жерге туынды тік», - деп бекер айтпаған. Патриотизмдік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті туған жерге, оның мәдениеті мен салт - дәстүрлеріне айырықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», - деп атап өтті. Шынында, өзінің туған жерінің, туған өлкесінің көркеюіне үлес қоса білген азамат бүкіл елдің игілігі үшін қызмет ете алады. Міне, патриотизм дегеніміз туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Алдағы уақытта да өз жалғасын табатын жарқын істердің жүзеге асуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл басындағы халыққа Жолдауында



айтылған Қазақстанның үшінші жаңғыруы бағдарламаларымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бағыт - бағдар болатыны сөзсіз. Түркістан елінің зиялы қауым өкілдері, білім алушылар рухани жаңғырудың, озық ой - сананың, ұлттық рух пен патриотизмді насихаттайтын жарқын істердің көшбасында жүреді, - деп сенемін.

**Г.БОЛЫСБАЕВА,**  
Б.Сырттанов ауылдық клубының музыкалық жетекшісі.

### ҚҰРМЕТТІ ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕР МЕН ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАР!



**Мемлекеттік қызмет көрсету «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалдары және Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» порталы арқылы жүргізіледі.**

#### ӘСКЕРИ БИЛЕТ АЛУ

Әскери билеттің маңызы күнделікті өмірде төлқұжат пен жеке куәліктен кем емес, ол – жұмысқа орналасқан кезде немесе тұрғылықты жері бойынша тіркелген кезде міндетті болып табылады. Әскери билет дегеніміз – азаматтың әскери қызметке тиесілігін және әскери міндетке қатысын анықтайтын мерзімсіз жеке оқу-әскери құжаты болып табылады. Қазақстанда азаматтарды әскери қызметке шақыру 17 жастан 27 жасқа дейін жүзеге асырылатындықтан, дәл осындай жаста сіз әскери билет алуыңыз керек. Әскери билетте әскери есепке алу мәліметтері, әскери қызметті өткені, жиын мен қайта дайындықтан өткені, денсаулығы туралы, жұмылдыру бойынша шақыру туралы мағлұматтар, сондай-ақ билет иесінің білуі және орындауы тиіс әскери міндеттілер үшін есепке алу ережесі жазылған.

#### ӘСКЕРИ БИЛЕТ ҚАЙ КЕЗДЕ ЖАЗЫЛЫП БЕРІЛЕДІ?

Мерзімді әскери қызметтен өткеннен кейін және сізді әскерге шақыру учаскесіне тіркеу барысында «әскери есептен шығарылуымен әскери қызметке жарамсыз» және «бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды» деп танығаннан кейін. Жоғары оқу орнындағы әскери кафедрада оқуды тәмамдағаннан кейін, әскери міндеттілердің әскери есеп саласындағы міндеттері орындамауы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 32 тарауындағы «Әскери міндеттілік, әскери қызмет пен қорғаныс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

**Бауыржан ЕРМҰХАНБЕТОВ,**  
аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник.

### Ауыл тұрғындарына "Egov.kz" порталы түсіндірілуде


Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс – қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, цифрландыру мәселелерін айқындап өткен болатын. Сондай – ақ, тұрақты түрде халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру үшін ауыл тұрғындарына насихат жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар электрондық форматта «E-GOV» электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу туралы үгіт – насихат материалдары әлеуметтік желілерге жариялануда. Ақсу ауданы әкімдігінің «Жаңалық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы «E-GOV» электрондық үкімет порталы қызмет көрсетеді.

Қазіргі уақытта "Egov.kz" порталындағы виртуалды көмекшінің көмегімен электрондық цифрлық қолтаңбаны алуға және азаматтардың мобильді базасында тіркелуге болады. Егер портал қызметі бойынша сұрақтар туындайтын болса, қызмет алушы 1414 байланыс орталығына қоңырау шалып, кеңесін ала алады.

Сонымен қатар, Ақсу ауданы әкімдігінің «Жаңалық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде ONLAIN GABYLDAY PYNKTI (ПРИЕМНЫЙ ПУНКТ ОНЛАЙН) жұмыс жасайды.

**Гүлмира ҰДЫРЫШБАЕВА,**  
Жаңалық ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі,  
«Nur Otan» партиясының мүшесі.

### Telegram – да бот және «egov mobile» электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы арқылы қандай қызмет алуға болады



Telegram-да бот және «egov mobile» электрондық үкіметтің мобильді қосымшасын айтпаса бұрын Egov.kz порталына қысқаша анықтама беретін болсақ, Egov.kz – ақпараттық-коммуникациялық инновациялар есебінен мемлекеттік биліктің ел халқымен өзара іс-қимылын жеңілдету үшін әзірленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің прогрессивті құрылымынан тұратын портал. Мобильді қарым - қатынас. Бүгінгі таңда мобильді нұсқа көптеген мемлекеттерде қолжетімді: Ресей, АҚШ, Түркия, Ұлыбритания, Чехия және т.б. Әдетте Қазақстанда IOS және Android операциялық жүйелері бар смартфондарда қосымшалардың басым бөлігі қосақ тілінде немесе орыс тілінде жұмыс істейді. Қызмет түрлерін қолдану барысында мобильді нұсқа пайдаланылса, онда телефонды ЖСН-ге байланыстыру өзінің аккаунтында жүзеге асырылады. Ең басты ерекшеліктерінің бірі – уақыттың үнемделуі. egov.kz порталының мүмкіндіктерін пайдалану үшін үйден және жұмыс орнынан арнайы сұранудың мүлдем қажеті жоқ. Телефон арқылы Telegram-да бот және «egov mobile» электрондық үкіметтің бір реттік код бойынша мобильді қосымшасы үйден шықпай-ақ, кезексіз, қолжетімді қызметтер қатарында төмендегілер жатады:

1. Шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұрақты тұратын жері бойынша тіркелуін растайтын мәліметтерді беру;
2. Жеке тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы анықтама;
3. Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтамалар;
4. Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама;
5. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама;
6. Базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін есептеу бойынша анықтама;
7. Әлеуметтік мәртебегі тексеру;
8. Халыққа қызмет көрсету орталықтарына кезекті брондау;
9. Тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;
10. Заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің бар екендігі туралы анықтама;
11. Ең жақын ХҚКО;
12. Наркологиялық ұйымнан анықтама;
13. Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
14. Туберкулез ұйымнан анықтама;
15. Зейнетақы аударымдары туралы анықтама;
16. Зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірісті ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат;
17. Шетелге шығу шектелген борышкерлер тізілімі бойынша шетелге шығуға тыйым салудың болуын тексеру;
18. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет алу;
19. Жылжымалы құрам кепілінің бар болуын іздеу;
20. Ізденеті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілінің бар болуын іздеу;
21. Автокөлік кепілінің бар болуын іздеу;
22. Ауылшаруашылық техникасы кепілінің бар болуын іздеу.

**Д.КАРИМОЛДАНОВ,**  
Б.Сырттанов ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы, іс- жүргізушісі.

#### МАМАН КЕҢЕСІ

### Жімі респираторлық вирустық жұқпа, тұмау

Алматы облысында жыл сайын 500-ден 55 мыңға дейін жіті респираторлық вирустық аурулар тіркеледі. Ауырғандардың басым көпшілігі 14 жасқа дейінгі балалар, үлес салмағы сырқаттанушылықтың 65%-70% құрайды. Сырқаттанушылықтың көтерілуі қарашадан басталып, қаңтар, ақпан айларында жоғарғы деңгейге жетеді. Вирус адамнан адамға ауа-тамшылы жолмен жөтелу немесе түшкіру кезінде, ал кейбір кезде сөйлеу барысында майда бөлшектердің науқас адамнан шығуы арқылы жеңіл тарайды. Жұқпа көзі - ауру адам, әсіресе сырқаттанғаннан бастап алғашқы 2-3 күндері айналасындағыларға қауіпті. Жұқпаның жасырын кезеңі орташа алғанда 3 күнге дейін. Ауру жіті басталып, клиникалық белгілер тез пайда болады. Алғашқы 24-36 сағаттың ішінде дене қызуы 39-40С жоғарылайды, бас ауруы, бұлшық еттер мен буындардың ауруы, жөтел, мұрынның бітуі, кейбір науқастарда ауыр жиі тыныс алу, конъюнктивит, асқазан-ішек қызметінің бұзылыстары байқалады. Тұмау жұқпасының алдын алудың ең тиімді шарасы – тұрғындарды иммундаумен қамту. Жыл сайын жергілікті бюджеттен иммундауға жататын контингенттерді егуге қаржы бөлінеді. Тұмауға қарсы ақысыз иммундауға жататын мақсатты топтар - ұйымдасқан жабық мекемелер (бүлдіршіндер, балалар, мүгедектер, қарттар үйі және мектеп интернаттары), жиі ауыратын иммунитеті төмен балалар мен созылмалы аурулары бар ересек медициналық қызметкерлер, 2-ші, 3-ші триместрдегі жүкті әйелдер. Тұмауға қарсы арнайы иммундаудан басқа тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жоғарылау кезеңінде жұқпаның арнайы емес алдын алу шараларын да естен шығармауымыз керек. Қазіргі уақытта тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жел-дел және жоспарлы түрде алдын алу үшін дәрілік заттардың түрлері кеңінен таралған. Тұмаумен науқастанған адам уақытында медициналық көмекке жүгінгені дұрыс. Науқасқа төсек тәртібі ұсынылады, дәрумендік диета және сұйық тағам түрлерін молынан пайдалану керек. Науқастың бөлмесін жиі желдету қажет. Тұмаудың алдын алуда жеке бас гигиенасын сақтаудың пайдасы мол (жиі қолды сабынмен жуу). Түшкіріп жөтелген кезде ауызды немесе мұрынды бет орамалмен жабу. Мүмкіндігінше халық тығыз орналасқан және жаппай шаралар ұйымдастырған жерлерге бармаған дұрыс, өздеріңізді күтіңіздер!

**Б.ТЕМІРХАНОВ,**  
аудандық СЭББ басшысы.

**Ж.ЕРКЕНОВА,**  
санитарлық эпидемиологиялық бөлімінің маманы.

**"Ел тірегі – ЕЛБАСЫ" атты қайырымдылық акциясы**



2021 жылы наурыз қарсаңында, "Ел тірегі – ЕЛБАСЫ" атты ауқымды қайырымдылық акциясы бастау алды. Осы орайда биыл Алматы облысының еріктілерінің қолдауымен 2000 осал топтағы отбасыға, 6000 азық - түлік қораптары берілді. Әрбір қораптың салмағы 50 кг құрайды. Ақсу ауданы бойынша барлығы 32 отбасына азық - түлік қораптары берілді.

**Қайырымды істен қалт қалма!**



Ақсу ауданында «Қайырымды істер марафоны» жалғасын табуда. 6 сәуір күні аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен, аудан еріктілерінің қатысуымен «Қайырымды істен қалт қалма!» атты қайырымдылық акциясы өтті. Акция барысында ауданымыздың еріктілер тобы І.Жансүгіров ауылы, Бұқарбай көшесі, №19 үй тұрғыны Аманбаев Өркенбек атамиздың үйіне барып, ауласындағы қоқыстарды тазалап, бақшасын ретке келтіріп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Атамыз жастарға алғыстарын білдіріп, ақ батасын берді.

**АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ЖАСТАРЫ.**

**«ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫ: ӘР АЗАМАТҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР»  
«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША  
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ  
ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ**



Партияның Сайлауалды бағдарламасында жастар, туған жердің тарихы мен мәдениетін насихаттауда бекітілген шаралар жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Аудандық жастар ресурстық орталығы "Дипломмен ауылға" бағдарламасын online кездесу өткізіп, түсіндіру жұмысын жүргізді. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы арқылы 2020 жылы 60 жас 555600 теңге көлемінде грант алып, өз кәсібін ашқан болатын, биылғы жылы 65 жасты қамту жос-парлануда. «Жастарға арналған жаңа мүмкіндіктер» атты онлайн кездесуінде «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының қызметкері жастарға берілетін грант жайлы толық ақпарат берді. Жастар ресурстық орталығы мен «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы арасында меморандумға қол қойылды. Жастар орталығы еріктілермен бірлесіп отырып «Ардагерлерді ардақтайық!», «Көдергісіз келешек», «Бақытты отбасы» партиялық жобасы және «Мейірімді істен

қалт қалма», «Біз біргеміз!» атты акциялары аясында аудан бойынша жалғызбасты қарттарға, көпбалалы, жалғызбасты аналарға әр түрлі деңгейде қайырымдылық шараларын ұйымдастыруда. Әлеуметтік көмек көрсетуде ЖҚ «Халық қайырымдылық қорының» демеушілігімен, аудан еріктілерінің қатысуымен «Ел тірегі - Елбасы» атты акциясы аясында 32 мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім көрсетіп отырған отбасыларға 50 кг. азық - түлікпен көмек көрсетілді. Жастар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында 2021 жылдың 1 тоқсанында аудан көлемінде қоғамдық жұмыс арқылы жастар ресурстық орталығына 13 жұмыссыз жас ақылы түрде волонтерлық қызметке алынды. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тарапынан да бірінші тоқсанда көптеген мәдени шаралар ұйымдастырылуда. Соның ішінде Ақсу ауданының біртуар азаматтары Б.Сырттановтың 150 жылдығына, И.Исабаевтың 85 жылдығына арналған деңгелек үстелдер, танымдық сағаттар және мемлекеттік тілді насихаттауда этнос өкілдері арасында «Тілге құрмет – елге құрмет» атты онлайн байқау – челлендж ұйымдастырылды.


**К.ДӘУЛЕТБЕКОВА,  
аудандық мәслихат депутаты.**

**Партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы**



«Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалының Партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысында «2020 - 2021 жылдары Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы атқарылған жұмыстар» бойынша аудандық азаматтық хал актілерді тіркеу бөлімінің басшысы А.Кукузова, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының орындалуы туралы аудандық жұмыспен қамту бөлімінің директоры Б.Құрманғалиева, аудандық мәслихат жанындағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракция мүшелері Э.Самбетов, М.Естібаевтың атқарған жұмыстары бойынша есептері тыңдалды.

«Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес отырысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасының «Мұратбаев» бастауыш партия ұйымында орындалуы туралы Бюро мүшесі Ө.Сыздықбаевтың, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын-үй инспекция бөлімінің басшысы І.Мұсабалановтың есебі тыңдалып, тиісті тапсырмалар берілді.



**Балғын АСҚАРОВА,  
аудандық партия филиалының консультанты.**

**БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ**

**Чернобыль АЭС-де апат болғанына - 35 жыл!**

Осыдан 35 жыл бұрын, 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль қаласында атомды энергияны пайдалану тарихында мыңдаған адамның өмірін қиған ең ірі апат орын алған болатын. Бұл – келтірген залалы мен салдары жөнінен XX ғасырдағы ең ірі техногендік радиациялық апат. Күші жағынан 1945 жылы Жапонияның Хиросима мен Нагасаки қалаларына тасталған атом бомбаларынан 500 есе артық экологиялық зиян әкелген апатты залалсыздандыруға 800 мың адам, соның ішінде 32 мың қазақстандық қатысқан. Оның ішінде, ақсулық жауынгерлер де бар. Осы бір бейбіт күннің батырларын оқырман қауымға таныстырып қойғанды жөн санадық.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ.**



Үсенов Дәулет Қожабергенұлы, 1964 жылдың 1 наурыз күні Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылында дүниеге келген.

1971 жылы Қапал орта мектебінің 1 сыныбына барып, аталған мектепті 1981 жылы бітірген.

1982 - 1984 жылдар аралығында әскер қатарында болып, 1987 жылдың 25 қаңтар - 26 маусым аралығында Чернобыль атом-ды электр станциясының апатынан болған зардаптарды жоюға қатысқан.

1988 жылы отбасын құрды. Жолдасы Сұлтанова Дариға Сейдуллақызы. Екі ұл, бір қыздың әкесі, үш немеренің атасы. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Қызы Сейпейова Самал тұрмыста, ұлы Қожаберген Дархан үйленген, аудандық құрылыс бөлімінің басшысы. Кенже ұлы Қожаберген Данияр 11 сыныпта оқиды.

1988 жыл 1988 жылдар аралығында Қапал ауылының «Күреңбел» колхозында еңбек атқарған. 2000 - 2005 жылдар аралығында Ақсу аудандық сотында көлік жүргізуші, 2005 жыл 2009 жылдар аралығында Ақсу аудандық прокуратурасында көлік жүргізуші, 2009 - 2018 жылдың шілде айына дейін Ақсу аудандық ауруханасында жедел жәрдем жүргізушісі, 2018 жыл желтоқсан айынан осы күнге дейін Ақсу аудандық сотында көлік жүргізуші қызметін атқарып келеді.

Аталмыш апатты жоюдағы ұдың әсерінен 1996 жылдан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген III топты /2008 жылдан/ өмірлік мүгедек.

2006 жылы АЭС-ның 20 жылдығының "Чернобыль Ардагері" деген төсбелгісімен, 2011 жылы Чернобыль АЭС - ның 25 жылдығы медалімен және 2012 жылы 21 наурызда «Ерекше тәуелді солдаттар Ардагері» медалімен, 2017 жылы «Чернобыль АЭС-ның апат зардабын жоюға қатысушы» төсбелгісімен және Чернобыль АЭС-ның 30 жылдығы медалімен марапатталған.



Алиев Хабибулла Нассруллаұлы 1960 жылы сәуірдің 17 жұлдызында Қытай Халық Республикасында Құлжа қаласында дүниеге келген. 1969 жылы Қапал орта мектебінің 1-ші сыныбына барып, 1979 жылы аталған мектепті бітірген.

1979 - 1981 жылдар аралығында әскер қатарында болып, әскерден келгеннен кейін 1982 - 1998 жылдары Қапал ауылындағы автобазада жүргізуші болып жұмыс істейді.

1987 жылы 27 мамырдан 2 тамыз айларында Чернобыль атомды электр станциясының апатынан болған зардаптарды жоюға қатысқан. Онда жүргізуші болып жұмыс істеп, сол жердегі апатты блоктарды залалсыздандыруға атсалысты. 1987 жылы 20040 әскери бөлім майоры Мищенкодан Мадақтама алған. Чернобыльдағы радиацияның әсерінен 1996 жылдан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген III топты /2008 жылдан/ өмірлік мүгедек.

2006 жылы АЭС-ның 20 жылдығының Чернобыль ардагері деген төсбелгісімен, 2011 жылы АЭС-нің 25 жылдығының медалімен, 2015 жылы АЭС-нің 30 жылдығының медалімен және 2017 жылы «Чернобыль АЭС-ның апат зардабын жоюға қатысушы» төсбелгісімен марапатталған.



Ибраев Қазбек - 1950 жылы 19 сәуірде Талдықорған облысы, Қапал ауданының Арасан ауылында дүниеге келген.

1966 жылы ауылдағы орта мектепті бітірген соң, «Арасан» колхозында механизатор жұмысын атқарды. Еңбек жолын колхозшылықтан бастап, жеткен табыстары үшін 1979 жылы партия қатарына қабылданады.

Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық көрмеге қатысқан. 1969 - 1971 жылдар аралығында әскер қатарында болып, әскерден соң қайта еңбекке араласады. Ерен еңбегі еленіп, 1975 жылы төсбелгімен марапаталса, 1979 жылы «Еңбек даңқы» үшінші дәрежелі орденін кеудесіне тағады.

1987 жылдың қаңтар - шілде айлары аралығында «Чернобыль» қаласындағы орын алған апатқа қатысқан. Қазіргі уақытта зейнеткер.



# Қасиетті Рамазан айы құтты болсын!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Құрметті мұсылман бауырлар, аудан тұрғындары! Баршамызды қасиетті рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын. Сіздерді күллі мұсылман қауымы асыға күткен мұбәрак рамазан айының келуімен құттықтаймын! Әр отбасына бақыт пен береке, бірлік пен татулық тілеймін!

Рамазан – он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімді мол ай. Ораза адам жанын тазартып, жаман қылықтардан сақтайды. Құранда Алла тағала: "Ей, иман еткендер! Күнелардан сақтанып, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді" ("Бақара" сүресі, 183-аят),- дейді. Аятта айтылғандай, оразаның мақсаты - мұсылманды түрлі жаман іс-әрекеттерден тазартып, тақуалыққа жеткізу.

Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген берекелі ай. Бұл – Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі.

Рамазан – тәубе мен тәрбие, тақуалық пен қанағат, шүкір мен сабыр, мейірім мен қайырымдылық, береке мен бірлік айы. Ораза – сауап жинап, рухани кемелдену айы. Түйіндеп айтқанда, Рамазан – Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Алла Тағала Құдси-хадисте: «Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеу себебінен шыққан ауыз иісі Мен үшін миск өтірінен де қайырлы», деген. Ендеше берекелі айдың берекетінен құр қалмайық, халайық. Жәннат есіктері ашылатын айда жақсылыққа жарысайық.

Жаратушы Алла ұстаған орамамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымызды қабыл еткелі!

Тәуелсіздігіміз баянды, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Жаратушы Иеміз баршамызды оразадан оразаға дейін айдан аман, жылдан есен жақсылықпен жеткізе берсін деп тілеймін! Әумин!

**Анарбай ТАСБОЛАТҰЛЫ,**  
Ақсу ауданының бас имамы.

## Құттықтаймыз!



Көкөзек ауылының тұрғыны, ауылдың абыз қариясы, немерелері мен шөберелерінің асыл әжесі, ардақты анамыз **АРИЯ ДЕМЕКЕЕВА** 12 сәуірде 80 жасқа толады. Құрметті асыл Ана - жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – сексен жастың сеңгіріне алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз.

«Қарттары бар ел – қазынасы бар ел»,-деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз.

Сізді туған күніңізбен құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілейміз.

Өткен күннің артта қалып өлесі, Тіршіліктің жылжи берер кемесі.

Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, Сексен жастың құтты болсын белесі.

Бұл 80 жас – қарттық емес, қазына жас, Бала менен немеренің назына мас. Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын, Басыңыздан ешқашан ажырамас.

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: қыздары – күйеубалалары - Ләззат – Бадахмет, Шакизада – Темірхан, Назым – Қанат, Ақмарал, Индира – Әділжан, келіні – Гүлнар және немерелері мен жиендері, немере күйеубалалары, шөберелері.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

Алматы облысы, Ақсу ауданы Жансүгіров ауылдық округінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі қоғамдастық жиынының №2 хаттамасының қаулысы:

1. Жансүгіров ауылының шығыс бөлігіндегі бірінші көшеге Бәрібай батыр атын беру туралы ұсыныс мақұлданды.
2. Жансүгіров ауылының шығыс бөлігіндегі екінші көшеге белгілі қоғам қайраткері Мәсімов Қажымқан атын беру туралы ұсыныс мақұлданды.

## Аудан тұрғындары назарына!

**ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!** Елімізді мендеген індет әлі де толастар емес. Қайта күшейіп келе жатқаны баршаңызға аян. Алматы облысында Ақсу ауданы бірқатар аудандармен бірге қиын аймақтар қатарында. Коронавирусқа қарсы егілу өздеріңіз үшін қажет.

Аудан бойынша 18 вакцинация салу пункті ашылды. Оның үшеуі аудан орталығында. біріншісі орталық базарда "Айша" сауда оталығының ішінде, екеуі аудандық орталық ауруханада орналасқан. Сонымен қатар ауруханада жылжымалы вакцинация пункті бар. Қалған 15 егу пункті барлық ауылдық округтерде ашылған. Арнайы мамандар жұмыс жасайды.

Қазіргі таңда 700 адам вирусқа қарсы егілді. Оның 300-і екінші рет егілген. Қалған 400-і 26 сәуірде екінші мәрте егіледі. 17 сәуірде ауданға 2000 дана "Спутник V" вакцинациясы келеді. Барлық егу пунктеріне бөлініп беріледі. Вакцинация салуға асығыңыздар.

**АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНА БАСҚАРМАСЫ.**

## ОҚУҒА ШАҚЫРУ!

# АҚСУ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылындағы «Ақсу политехникалық колледжі» сіздерді 2021-2022 оқу жылына келесі мамандықтар бойынша 9-11 сынып негізінде күндізгі бөлімге оқуға шақырады.

Колледж бойынша мамандықтар:

- 9-сынып базасы негізінде - оқу мерзімі 2 жыл 10 ай;
1. «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) 130401 2 Сандық ақпаратты қайта өңдеу маманы
2. 1201000 Автомобиль келігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 1201072 Автокөлік жөндеу слесары

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша

3. 1114000 «Гісіру ісі» (түрлері бойынша) 111404 2 Электр газымен дәнекерлеуші
4. 0816000 Химиялық технология және өндіріс 081602 2 Химиялық талдау зертханашысы
5. 1302000 Автоматтандыру және басқару 130201 2 Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі

11-сынып базасы негізінде-оқу мерзімі-10 ай

- 1.«Ферма шаруашылығы» (бейіндері бойынша) 150406 2 Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы –машинист
- 2.Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу 121106 2 Арнайы тігінші
- 3.«Тамақтандыруды ұйымдастыру» 050801 2 Аспаз

Қабылдау ережесі

Колледжге түсірушілер директордың атына таңдаған мамандығын көрсетіп, өтініш береді және мынадай құжаттар тапсырады:

1. Білім туралы құжат (түпнұсқа)
2. Дәрігерлік анықтама №086-У
3. 3\*4 фотосурет-4 дана

Туу туралы куәлік немесе жеке куәлік көшірмесі.

Егов порталы арқылы өтініш берулеріңізге болады.

Мекен жайымыз: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №4.

Эл. адрес: Profshkola-21@mail.ru

Сайт колледжа: <http://aksu-college.rka.kz/>

Тел: 8(72832)21953. Сот: 87025812425, 87021945303.

Рамазан айы	Алта күндері	Сәуір және Мамыр	Таң (Сәуір Өлгені уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінгі	Ақшам (Ауызашар уақыты)	Құлтан
1	Сейсенбі	13 Сәуір	04:39	06:03	12:50	17:32	19:32	20:56
2	Сәрсенбі	14 Сәуір	04:37	06:01	12:50	17:33	19:34	20:58
3	Бейсенбі	15 Сәуір	04:35	05:59	12:50	17:34	19:35	20:59
4	Жұма	16 Сәуір	04:33	05:57	12:49	17:35	19:36	21:01
5	Сенбі	17 Сәуір	04:31	05:56	12:49	17:36	19:37	21:03
6	Жексенбі	18 Сәуір	04:29	05:54	12:49	17:36	19:39	21:04
7	Дүйсенбі	19 Сәуір	04:26	05:52	12:49	17:37	19:40	21:06
8	Сейсенбі	20 Сәуір	04:24	05:50	12:48	17:38	19:41	21:08
9	Сәрсенбі	21 Сәуір	04:22	05:49	12:48	17:39	19:42	21:09
10	Бейсенбі	22 Сәуір	04:20	05:47	12:48	17:40	19:44	21:11
11	Жұма	23 Сәуір	04:18	05:45	12:48	17:40	19:45	21:13
12	Сенбі	24 Сәуір	04:16	05:44	12:48	17:41	19:46	21:14
13	Жексенбі	25 Сәуір	04:14	05:42	12:48	17:42	19:47	21:16
14	Дүйсенбі	26 Сәуір	04:12	05:41	12:47	17:43	19:49	21:18
15	Сейсенбі	27 Сәуір	04:10	05:39	12:47	17:43	19:50	21:19
16	Сәрсенбі	28 Сәуір	04:08	05:38	12:47	17:44	19:51	21:21
17	Бейсенбі	29 Сәуір	04:06	05:36	12:47	17:45	19:52	21:23
18	Жұма	30 Сәуір	04:04	05:34	12:47	17:46	19:54	21:25
19	Сенбі	1 Мамыр	04:02	05:33	12:47	17:46	19:55	21:26
20	Жексенбі	2 Мамыр	04:00	05:32	12:47	17:47	19:56	21:28
21	Дүйсенбі	3 Мамыр	03:58	05:30	12:46	17:48	19:57	21:30
22	Сейсенбі	4 Мамыр	03:56	05:29	12:46	17:49	19:59	21:32
23	Сәрсенбі	5 Мамыр	03:54	05:27	12:46	17:49	20:00	21:33
24	Бейсенбі	6 Мамыр	03:52	05:26	12:46	17:50	20:01	21:35
25	Жұма	7 Мамыр	03:50	05:24	12:46	17:51	20:02	21:37
26	Сенбі	8 Мамыр	03:48	05:23	12:46	17:52	20:04	21:39
27	Жексенбі	9 Мамыр	03:46	05:22	12:46	17:52	20:05	21:40
28	Дүйсенбі	10 Мамыр	03:45	05:21	12:46	17:53	20:06	21:42
29	Сейсенбі	11 Мамыр	03:43	05:19	12:46	17:54	20:07	21:44
30	Сәрсенбі	12 Мамыр	03:41	05:18	12:46	17:54	20:08	21:46

- Мамыр айының 8 - нөн 9 - на қараған түн - қасиетті ҚАДІР ТҮНІ.
- Пітір садақасы жан басына 420 теңге деп белгіленді.
- Садақаны [Kaspi.kz](http://Kaspi.kz) мобильді қосымшасы арқылы аударуға болады.
- Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: *Уа, Жаратқан ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім. Саған тәуекел еттім. Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күн - кемшіліктерімді кешіре көр!*

# ҒАРЫШ ӘЛЕМІНЕ СЯХАТ

Ғарыш кеңістігінде 9 ғаламшар бар. «Жер» планетасы үшінші орында тұр. Біздің планетамыз тоғыз ғаламшардың ішіндегі өмірқолайлы ау қабаттары бар ғаламшар. Бірақ, менің ойымша,тіршілікке қолайлы басқа ғаламшарлар да бар. Неге десеңіз, өзге планеталықтар туралы қауесеттер көп тараған.Сонымен қоса,олардың адам баласымен байланыстары болғанын да айтқан. Егер өзге планеталықтар бар болса, олар да басқа планетада өмір сүріп жатуы әбден мүмкін. Дегенмен, ғарыш әлемі алдамшы. Адамның қарапайым көзімен қараған кезде басқа, ал ғылыми тұрғыдан қарағанда мүлдем басқаша. Күн - ғарыштың жүрегі. Соның ішінде біздің планетамыздың жылу көзі. Ғарыш – бұл шексіз кеңістік. Мен жұлдыздарға қарағанда жақсы көремін! Жылтылдап тұрған ғажайып шамдар кез-келген адамды таң қалдырады. Оларға

қарап ерекше шабыт, ұмтылыс сеземін. Мені: «Бұлттардың артында не бар?» деген сұрақ қызықтырады. Бұл сұраққа жауап беру өте қиын, өйткені, ғалам өте үлкен, оның нақты мөлшері ешкімге белгілі емес. Біз оның аз бөлігін ғана зерттей аламыз, себебі, технологиялық мүмкіндіктеріміз шектеулі. Астрономдар, заманауи телескоптардың көмегімен, басқа ғаламшарлар

мен жұлдыздарды үнемі бақылап отырады. Осы зерттеулердің нәтижесінде, көптеген ғылыми жаңалықтар ашылды. Біз күн жүйесі жайлы және метеориттер мен кометалардың қалай пайда болатыны туралы білеміз. Бүгінгі күнде, ғарышта көптеген жасанды жер серіктері бар, олардың көмегімен теледидар, телефон және радио байланыстары жүзеге асырылады. Болашақта, жер сияқты тіршілік иелері өмір сүретін планета табылады,-деп ойлаймын.

**Ж.ҚАЙСАНОВА,**  
Көшкентал ауылдық округі әкімі аппаратының Жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы, «Nur Otan» БПҰ-ның, «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауданы әкімдігі.

Меншік иесі: «Ақсу өңірі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

**Директор - бас редактор**  
**Қасымбекова**  
**Ләззат**  
**Қалмұхамбетқызы**

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІН**  
**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
Ақсу ауданы,  
Жансүгіров ауылы,  
Желтоқсан көшесі, №5,  
Аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488  
Осы шығарылымның таралымы 3044

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: [aksuoniri@mail.ru](mailto:aksuoniri@mail.ru)  
Газеттің ресми сайты [aksuoniri.kz](http://aksuoniri.kz)

Индекс: 65750  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.